ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ТҮЗЕТУ

МСЖ коды 13.200
ҚР СТ 1910-2009 «Ғимараттың сыртқы қасбеті бойынша биіктіктен даярлығы жоқ адамдарды »

Мемлекеттік тілдегі А, Б, Г, Е қосымшаларына	**Басылды**	**Болуға тиіс**
1	2	3
«Қолданылу саласы» бөлімі, 1 абзац жолы	Осы стандарт ғиммараттың сыртқы қасбеті бойынша биіктіктен даярлығы жоқ адамдарды құтқаруға арналған жеке құтқару құрылғыларына арналған (әрі қарай мәтін бойынша - ЖҚҚ) жалпы техникалық талаптарды және сынау әдістерін белгілейді, сонымен қатар ЖҚҚ орнату, орнатқаннан кейін жүйелі қызмет жасау және ЖҚҚ пайдалану бойынша нұсқаулықтрдың талаптарын айқындайды.	Осы стандарт ғимараттың бойынша биіктен даярлығы жоқ адамдарды құтқару үшін бір рет қолданалатын жеке құтқару құрылғыларына арналған (әрі қарай мәтін бойынша - ЖҚҚ) жалпы техникалық талаптарды және сынау әдістерін белгілейді, сонымен қатар ЖҚҚ орнату, орнатқаннан кейін жүйелі қызмет жасау және ЖҚҚ пайдалану бойынша нұсқаулықтрдың талаптарын айқындайды.

(САС №1-2011 ж.)

gost.e-ecolog.ru

ПОПРАВКИ, ВНЕСЕННЫЕ К ГОСУДАРСТВЕННЫМ СТАНДАРТАМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Код МКС 13.200

СТ РК 1910-2009 «Индивидуальные спасательные устройства, предназначенные для спасения неподготовленных людей с высоты по внешнему фасаду здания. Общие технические требования. Методы испытаний».

В каком месте (раздел, пункт, подпункт...)	**Напечатано**	**Должно быть**
1	**2**	**3**
Раздел «Область применения», абзац 1	Настоящий стандарт устанавливает общие технические требования и методы испытаний индивидуальных спасательных устройств (далее по тексту - ИСУ), предназначенных для спасения неподнотовленных людей с ысоты по внешнему фасаду здания, а так же определяет требования к установке, переиодическому обслуживанию после установки и интсткуции по использованию ИСУ.	Нстоящий стандарт устанавливает общие технические требования и методы испытаний для индивидуальных спасательных устройств. Одноразового пользования (далее по тексту ИСУ), предназначенных для спасение неподготовленных людей с высоты по внешнему фасаду здания, а так же определяет требования к установке, периодическому обслуживанию после установки и инструкциям по использованию ИСУ.

(ИУС № 1-2011 г.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ҒИМАРАТТЫҢ СЫРТҚЫ ҚАСБЕТІ БОЙЫНША БИІКТІКТЕН ДАЯРЛЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫ ҚҰТҚАРУҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ҚҰТҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық талаптар
Сынау әдістері

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ СПАСАТЕЛЬНЫЕ УСТРОЙСТВА, ПРЕДНАЗНАЧЕННЫЕ ДЛЯ СПАСЕНИЯ НЕПОДГОТОВЛЕННЫХ ЛЮДЕЙ С ВЫСОТЫ ПО ВНЕШНЕМУ ФАСАДУ ЗДАНИЯ

Общие технические требования
Методы испытаний

ҚР СТ 1910-2009

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ҒИМАРАТТЫҢ СЫРТҚЫ ҚАСБЕТІ БОЙЫНША БИІКТІКТЕН ДАЯРЛЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫ ҚҰТҚАРУҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ҚҰТҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық талаптар
Сынау әдістері

ҚР СТ 1910-2009

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, 18 «Ұйымдастыру-әдістемелік және жалпы техникалық стандарттар, өнімдердің, процестердің және қызмет көрсетулердің стандарттарын» стандарттау жөніндегі ТК («Еуразиялық консалтингтік консорциум» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2009 жылғы 25 қарашадағы № 584-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ЕН 341-92 Биіктіктен құлаудан қорғайтын жеке құтқару керек-жабдығы. Төмен түсуге арналған құрылғы, ASTM E 2484-06 Specification for High-Rise Building External Evacuation Controlled Descent Devices (Сырттай эвакуациялау үшін биік ғимараттардан бақылап түсіру құрылғылары) үйлестірілген

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004-жылғы 9-қарашадағы № 603-I Қазақстан Республикасының Заңының, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» 16.01.09 ж. № 14, «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» 21.03.08 ж. № 277, «Объектілерді қорғау үшін өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» 16.01.09 ж. № 16 техникалық регламенттерінің нормалары іске асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2014 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемелерінде, сондай-ақ өзгерістер мен түзетулердің мәтіні ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (өзгертілген) немесе жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басылатын «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жалпы ережелер	4
5	Тапсырысқа арналған ақпарат	4
6	Материал және әзірлеу талаптары	5
	6.1 Құрылымдық және механикалық құрауыштар	5
	6.2 Тозуға төзімділік және жарамдылық мерзімі	5
	6.3 Жалғайтын элементтер мен бекіту бөлшектері	5
	6.4 ЖҚҚ үстіңгі бетін өңдеу	6
	6.5 Пісіру талаптары	6
	6.6 Сақтау талаптары	6
	6.7 Күн сәулесінен және қоршаған ортаның басқа факторларынан қорғау	6
	6.8 Жемірілуді болдырмау	6
	6.9 Синтетикалық, табиғи және композиттік материалдар	7
	6.10 Құтқару арқаны	7
	6.11 Төмен түсу рельстері және бағыттаушылар	7
7	Физикалық қасиеттері	8
8	Механикалық қасиеттері	10
9	Пайдалану талаптары	13
10	Өндіру сапасы, өңдеу және сыртқы түрі	14
11	Сынау үлгілері	14
12	Сынаулар	14
13	Сертификатталған үлгілерді қоршаған ортаның әсеріне сынау	15
14	Өлшеуіш құралдар	16
15	Сынау әдістері	17
16	Сапасын бақылау	19
17	Сәйкестігін растау	19
18	Таңбалау	19
19	Нұсқаулықтар	20

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ҒИМАРАТТЫҢ СЫРТҚЫ ҚАСБЕТІ БОЙЫНША БИІКТІКТЕН ДАЯРЛЫҒЫ ЖОҚ АДАМДАРДЫ ҚҰТҚАРУҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ ҚҰТҚАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық талаптар Сынау әдістері

Енгізілген күні 2010-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ғимараттың сыртқы қасбеті бойынша биіктіктен даярлығы жоқ адамдарды құтқаруға арналған жеке құтқару құрылғыларына арналған (әрі қарай мәтін бойынша – ЖҚҚ) жалпы техникалық талаптарды және сынау әдістерін белгілейді, сонымен қатар ЖҚҚ орнату, орнатқаннан кейін жүйелі қызмет жасау және ЖҚҚ пайдалану бойынша нұсқаулықтардың талаптарын айқындайды.

Осы стандарт сондай-ақ орнатылған ЖҚҚ орнату, құрылғының міндеті туралы нұсқау беру және оған жүйелі қызмет жасау талаптарын белгілейді.

Стандарт қауіп-қатерлерді талдау талаптарын қамтиды.

ЖҚҚ қауіпті жағдайлар туындаған кезде «Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» ТН, СНмЕ ҚР 2.02-05-ке сәйкес ғимараттан көшірудің стационарлық жолдары мүмкін болмағанда ғимараттардағы адамдарды биіктіктен құтқару үшін пайдаланылады.

Осы стандарт жеке құтқару парашюттарына, арқандарға, тізбекті сатыларға немесе таудан түсуге арналған құрылғыларға қолданылмайды.

Осы стандарт ЖҚҚ жүйесін енгізілген немесе бірге пайдаланылатын қосымша компоненттерге, керек-жабдықтарға (қауіпсіздік белбеулері), байлайтын металл бөлшектерге, белгілеуі бар тақтайшаларға, арнайы эвакуациялық саңылауларға, төмендегі талаптарға сай орнатылатын, сатып алынатын немесе пайдаланылатын дербес қорғаныс керек-жабдықтарына, құрылғыларға және басқа компоненттерге қойылатын талаптарды қамтымайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін төмендегі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

«Сәйкестікті растау процедуралары»ТН, 04.02.2008-жылғы ПП ҚР № 90.

«Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары» ТН, 16.01.2009-жылғы ПП ҚР №14.

СНмЕ ҚР 2.02-05-2002 Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі.

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынау жүргізу тәртібі және өлшем құралдарының типтерін бекіту.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынау құралдарын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ИСО/МЭК 65-2001 Өнімдерді сертификаттау бойынша органдарға қойылатын жалпы талаптар

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025-2007 Сынау және калибрлеу зертханаларының құзыреттігіне қойылатын жалпы талаптар.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамалары бар төмендегі терминдер қолданылады:

3.1 **Биіктіктің қауіпті деңгейі**: Адам өз бетімен өміріне қауіп төндірмей түсе алмайтын биіктік деңгейі (осы стандартта сипатталған ЖҚҚ жүйелері кез келген қабатта немесе ғимарат шатырында пайдаланыла алады).

3.2 **Жеке құтқару құрылғысы (ЖҚҚ):** ғимараттың сыртқы қасбеті бойынша биіктіктен даярлығы жоқ адамды, түсу жылдамдығы автоматты түрде тураланатын, өз бетімен, маманның көмегінсіз құтқаруға арналған құрылғы.

3.3 **Құтқару керек-жабдықтары**: адам денесін, жамбасы мен денесін ұстап тұратын құрылғы немесе агрегат.

3.3.1 **Жеке және арнайы құтқару құралы:** Құрал ЖҚҚ жүйесінің жеке компоненті болып табылады және құтқару бағытына немесе ЖҚҚ жатқызылады.

3.3.2 **Арнайы құтқару құралы:** адамдардың арнайы тобына, балаларға, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, әлсіз немесе жаралыларға арнап жобаланған керек-жабдықтар және строптар.

3.3.3 **Ажыратылмайтын құтқару керек-жабдығы:** керек-жабдық ЖҚҚ ажырамайтын бөлігі болып табылады.

3.4 **Құтқару арқаны**: адамды түсу процесі кезінде сүйемелдеуге арналған арқан.

3.4.1 **Бекітілген құтқару арқаны:** жіберу нүктесіне бекітілген немесе ЖҚҚ орамы тарқатылатын немесе сол арқылы өтетін құтқару желісі.

3.4.2 **Төмен түсіретін құтқару арқаны:** жіберу нүктесіне бекітілген ЖҚҚ орамы тарқатылатын немесе сол арқылы өтетін құтқару желісі.

3.4.3 **Бағыттаушы рельстер**: ЖҚҚ негізделетін, базаланатын, жалғастырылатын құтқару желілері. Рельстер немесе бағыттаушылар алдын ала ғимарат сыртында жинақталатын және секция бойынша біріктірілетін ЖҚҚ жүйесінің бөлігі болып табылады. Рельстер немесе бағыттаушылар бақыланатын төмен түсу сәтінде арнайы әзірленген ЖҚҚ ұстап тұрады.

3.5 **Арнайы эвакуациялық саңылаулар**: қауіпті жағдайлар кезінде ғимараттың сыртқы қасбетіне шығуға болатын, ашып алуға болатын алдын ала арнайы орнатылған есіктер немесе терезелер.

3.6 **Есептік салмақ**: Құтқарылатын адамның, адам өзімен бірге ала жүретін немесе қолында ұстаған заттарды қоса алғандағы салмағы. Адаммен бірге төмен түсетін компоненттердің салмағы есепке кірмейді.

3.6.1 **Минималды есептік салмақ:** төмен түсу үшін қажетті параметрлер шегіндегі құтқарылатын адамның, адам өзімен бірге ала жүретін немесе қолында ұстаған заттарды қоса алғандағы минималды салмағы.

3.6.2 **Максималды есептік салмақ**: төмен түсу үшін қажетті параметрлер шегіндегі құтқарылатын адамның, адам өзімен бірге ала жүретін немесе қолында ұстаған заттарды қоса алғандағы максималды салмағы.

3.7 **Бекітпе:** ЖҚҚ тасымалдаушы бөлшектерінің бірі, құтқару желілері немесе рельс пен бағыттаушыларды қоса алғанда, ғимаратқа бекітілетін ЖҚҚ кез келген бөлігі.

3.8 **Максималды есептік биіктік:** ЖҚҚ пайдалануға болатын максималды биіктік.

3.9 **Жалпы төмен түсу энергиясы, W, Дж**: Пайдалану сәтіндегі ЖҚҚ шығындайтын энергия. Есептеу (1) формула бойынша жасалады:

$$W=m\cdot g\cdot h\cdot n \qquad (1)$$

мұндағы, m – төмен түсетін салмақ, кг;
g – ауырлық күшін үдету, ($g=9,8 м/с^2$);
h – түсетін биіктік, м;
n – төмен түсу саны.

ЕСКЕРТПЕ Жалпы төмен түсу энергиясы деп пайдалану кезіндегі ЖҚҚ шығындайтын жылу энергиясы қабылданады және әрбір жүйені оның максималды есептік биіктігіне сәйкес термальдық үлгілеу кезінде ескеру қажет болатын негізгі параметрі болып табылады.

3.10 **Статикалық жүктеме, кН:** ЖҚҚ, құтқару арқаны, жалғамалы звено, жалғау бөлшектері, ішіне енгізілген негіздер мен анкерлер көтере алу тиіс белгіленген өзгеріссіз статикалық жүктеме.

3.11 **Еркін құлау**: бақыланбайтын төмен түсу.

4 Жалпы ережелер

4.1 ЖҚҚ осы стандарттың және ЖҚҚ өндірушісінің технологиялық құжаттамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.2 Өндіруші ҚР СТ ИСО/МЭК 17025 талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынау зертханасымен (орталығымен) бірлесіп, 1-тараудың талаптары негізінде толық жоспарды және сынау процедураларын әзірлеуі тиіс.

4.3 барлық сынаулар мен тексерістер толық құжатталуы тиіс және өндірушіде және сол сияқты сынау зертханасында сақталуы тиіс.

5 Тапсырысқа арналған ақпарат

5.1 ЖҚҚ-ға нормативтік-құқықтық актілерге сай заңды және физикалық тұлғалар тапсырыс беруі тиіс. Жүйелерге тапсырыс беруші талаптары негізінде тапсырыс беруге болады.

5.2 Тапсырыс берушінің талаптарына негізделген жоспарланатын пайдалану биіктігі кез келген тапсырыс берілген ЖҚҚ үшін белгіленуі тиіс.

5.3 ЖҚҚ өндірушісі немесе оның өкілдері ЖҚҚ тапсырыс берушісіне таңдау және орнату процесінде көмек көрсету және нұсқау беруге міндетті немесе жүйені өздері орнатуы тиіс.

5.3.1 Өндіруші құтқару қажет болатын адам санына, ғимараттағы осы адамдардың орналасқан орындарына қатысты тапсырыс берушінің талаптарын бағалауға тиіс, сосын ЖҚҚ қажетті санын және әрбір ЖҚҚ орнатылатын орнын айқындауға тиіс.

5.3.2 ЖҚҚ өндірушісі немесе оның өкілдері құрылғының бейімделуі тиіс арнайы құтқару құралдары немесе аксессуарлары сияқты тапсырыс берушінің кез келген спецификалық қажеттіліктерін айқындауға міндетті. ЖҚҚ өндірушісі немесе оның өкілдері, егер қажет болса, тапсырыс берушіге арнайы құтқару құралдарына және аксессуарларына ұсыныс жасауға міндетті.

5.3.3 ЖҚҚ өндірушісі немесе оның өкілдері әрбір тапсырыс берушіге құрылғыны дұрыс пайдалану бойынша нұсқаулық ұсынуға міндетті.

6 Материал және әзірлеу талаптары

6.1 Құрылымдық және механикалық құрауыштар

ЖҚҚ құрылымдық және механикалық құрауыштары төзімділігі статикалық және динамикалық жүктемеге сәйкес келетін, сонымен қатар қоршаған орта мен климат жағдайларын қоса алғанда, осы стандарттың барлық талаптарына сәйкес келетін материалдардан жасалуы тиіс. Тексеру және растау 15-тарауға сәйкес өндірушінің техникалық құжаттамасын талдау және сынау кезінде жүзеге асырылады.

6.2 Тозуға төзімділік және жарамдылық мерзімі

6.2.1 ЖҚҚ-да пайдаланылатын материалдар минималды жарамдылық мерзімін және 10 жыл - тозуға төзімділігін қамтамасыз ету үшін таңдалуы тиіс, осыған сәйкес сақтау шарттарын және ғимараттың ішінде және сыртында орнату жағдайларын ескеруі қажет. Тексеру, статистикалық немесе басқа да сынау жүйелілігі белгіленуі тиіс. Өндіруші ЖҚҚ-ның 5 жыл - минималды жарамдылық мерзімін қамтамасыз ету үшін жүйелі тексеру және қызмет жасау мерзімдері мен қажеттіліктерін айқындауы тиіс.

6.2.2 ЖҚҚ орнатқан соң өндіруші немесе оның өкілдері қажетті деп танылған белгіленген жүйелі мерзімдермен барлық қажетті тексерістер мен қызмет жасауларды жүргізуге міндетті.

6.3 Жалғайтын элементтер мен бекіту бөлшектері

6.3.1 Жалғайтын элементтердің және бекіту бөлшектерінің автоматты немесе қолмен бекітетін құрылғылары болуы тиіс. Құрылма ЖҚҚ монтаждау процесінде, жалғау немесе ЖҚҚ кез келген басқа төмен түсіруге даярлау процесінде құлап қалуын болдырмау үшін барлық сақтандыру шараларын сақтай отырып жобалануы тиіс. Сәйкестігін растау сәйкестік сертификатына және ЖҚҚ статикалық беріктігін сынауға 15.1 бойынша, төмен түсу жылдамдығын сынауға 15.2 бойынша негізделуі тиіс.

6.3.2 ЖҚҚ-ны рельске немесе бағыттаушыға жалғайтын механизм ЖҚҚ-ның рельстен, бағыттаушыдан ажырауын немесе құтқару желісінің бір бөлігінен екіншісінен ажырап кетуін болдырмайтын блокадалау механизмімен мықты конструкцияланууы тиіс. Құрылма ЖҚҚ монтаждау процесінде, жалғау немесе ЖҚҚ кез келген басқа төмен түсіруге даярлау процесінде құлап қалуын болдырмау үшін барлық сақтандыру шараларын сақтай отырып әзірленуі тиіс. Осы талаптарға сәйкестік 15.1 және 15.2 бойынша сынаулармен, тексерістермен және өндірушінің құрыстық

құжаттамасын талдаумен және пайдалану бойынша нұсқаулықпен расталуы тиіс.

6.4 ЖҚҚ үстіңгі бетін өңдеу

6.4.1 ЖҚҚ барлық үстіңгі беттері таза, қақсыз, таттанусыз болуы тиіс және басқа материалдардың іздері болмауы тиіс. Жыртылуы мүмкін материалдармен түйісетін үстіңгі беттері қылаусыз, қаяусыз, үшкір ұштарсыз болуы тиіс және үстіңгі беттері қатқыл болмауы тиіс. Сапасы тексерумен расталады.

6.4.2 Құрылғыларды жинау кезінде барлық компоненттер жаңа, пайдаланылмаған болуы тиіс. Осы талаптың сәйкестігі тексерумен және өндіруші құжаттарын шолумен расталады.

6.5 Пісіру талаптары

Барлық пісіру орындары барлық ұзындығы бойынша көзбен шолып тексеріледі. Қабылдау немесе жөндеу ережелері стандартты пісіру жұмыстарына сәйкес болуы тиіс. Осы талаптың сәйкестігі тексерумен және сапасын растайтын өндіруші құжаттарын шолумен расталады.

6.6 Сақтау талаптары

Пайдаланылатын материалдар қоршаған орта температурасында сенімді қолдану талаптарына сәйкес таңдап алынады, ғимарат сыртында сақталатындары минус 40°С-тан плюс 80°С-қа дейінгі жұмыс температурасына, ғимарат ішінде сақталатындары минус 30°С-тан плюс 80°С-қа дейінгі температураға төзе алуы тиіс.

6.7 Күн сәулесінен және қоршаған ортаның басқа факторларынан қорғау

Қоршаған орта факторларының әсеріне сезімтал жүйе немесе оның компоненттері арнайы жабындармен немесе басқа да қорғаныс түрлерімен қорғалуы тиіс.

6.8 Жемірілуді болдырмау

Барлық компоненттер құрылғының пайдаланылуын қиындататын немесе босаңсытатын гальванизацияны немесе коррозияны болдырмайтындай етіп жобалануы тиіс. Келесі бір немесе бірнеше тармақ гальванизация немесе тотықтануды болдырмау үшін құрылыс салу кезінде сақталуы тиіс:

- әр түрлі металдарды пайдаланбау,
- ыстықтай терең гальванизацияны, органикалық емес қалайылау немесе басқа қорғаныс жабындау әдістерін пайдалану,
- ылғалдылығын бақылау.

6.9 Синтетикалық, табиғи және композиттік материалдар

Синтетикалық, табиғи және композиттік материалдардан жасалған бұйымдар ЖҚҚ-ға пайдаланыла алады. Сәйкестігі 7.3, 7.3.1, 7.3.2, 7.3.3 талаптарына сәйкес сынақтармен расталады.

6.10 Құтқару арқаны

6.10.1 Арқан болаттан немесе қорытпадан әзірленуі тиіс және 8.2 және 8.3 талаптарына сәйкес келуге тиіс. Құтқару арқаны жүйеден тек аспаптардың көмегімен ғана ажыратылатындай етіп құрастырылуы тиіс.

6.10.2 Болаттан немесе қорытпадан жасалған кез келген құтқару арқаны осьтік айналысы жоқ, қалдық кернеуі түсірілген, көзбен шолып тексеруге болатын типті бірегей гальванизацияланған кесектен жасалуы тиіс. Өндіруші құтқару арқанын міндеті бойынша пайдалануға рұқсат етілетініне көз жеткізу үшін тексеруі және тест жүргізуі тиіс.

6.10.3 Ұштары, егер олар катушканың ішіне орналастырылған болмаса, көзбен шолып тексеруге болатындай етіп орналастырылуы тиіс. Ұштары тек аспаптың көмегімен ғана ажыратуға болатындай етіп бекітілуі тиіс. Барлық ұштарының құтқару желісінің беріктігінің 90 % кем емес беріктігі болуы тиіс. Сәйкестігі 15.11-ге сәйкес расталады.

6.11 Төмен түсу рельстері және бағыттаушылар

6.11.1 ЖҚҚ-да пайдаланылатын төмен түсу рельстері және бағыттаушылар тот баспайтын болаттан немесе коррозиясы жоқ басқа материалдардан жасалуы тиіс. Рельстер мен бағыттаушылар бір секциядан екінші секцияға қолайлы жылжуды қамтамасыз ететіндей етіп секциялар бойынша жобалануы тиіс.

6.11.2 Ғимаратқа бекітілген рельс пен бағыттаушының әрбір секциясының 8.2 және 8.4 бойынша белгіленген статикалық және динамикалық беріктігі болуы тиіс. Сынау 15.1 және 15.2-ге сәйкес жүргізіледі .

7 Физикалық қасиеттері

7.1 ЖҚҚ орнында қалдырылатындай, кемінде 5 жыл ғимарат ішінде немесе сыртында жүйелі тексеру арқылы және 6.2-ге сәйкес өндіруші талаптарына сай қызмет жасау арқылы сақталатындай немесе орнатылатындай етіп жобалануы тиіс.

7.1.1 ЖҚҚ, егер ол стандарт талаптарына сәйкес болса, әр түрлі конфигурацияларда құрастырыла алады. Жүйе төмен түсіретін құтқару арқандары бар монтаждалған немесе бекітілген ЖҚҚ-ны, алдын ала белгіленген рельстермен немесе бағыттаушылармен төмен түсірілетін құтқару арқаны өтетін немесе одан құтқару арқаны немесе ЖҚҚ шығарылатын төмен түсіретін ЖҚҚ бар бекітілген құтқару арқандарын іске қоса алады. ЖҚҚ-ның жұмысқа тұрақты дайын тұруы факторы ескерілуі тиіс.

7.1.2 ЖҚҚ бір реттен артық пайдалану ықтималдығын болдырмайтындай етіп жобалануы тиіс. ЖҚҚ осыған дейін пайдаланылған болса, айқын белгілері болуы тиіс.

7.1.3 ЖҚҚ барлық құрылмалары пайдаланушыға қолжетімді болуын және осы стандартта белгіленген құтқару құралдарын пайдалануын талап етеді. Барлық ЖҚҚ жүйелері балалар мен мүмкіндіктері шектеулі адамдарды құтқару үшін арнайы құралдарды өз бетінше немесе басқа адамдардың көмегімен, 7.6 және 7.6.3-ке сәйкес физикалық мүмкіндіктеріне қарай қолдану мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

7.1.4 ЖҚҚ ажырамайтын ЖҚҚ, жеке және арнайы құтқару құралдары тұрақты даярлық тәртібінде тұратындай етіп буып-түйілуге тиіс.

7.1.5 ЖҚҚ адамды қауіпсіз деңгейге (аймаққа) жеткізгенге дейін төмен түсіру кезінде тоқтап қалу мүмкіндігін болдырмайтындай етіп құрастырылуы тиіс.

7.2 Өндіруші 6.2.1 – 6.2.4.2-ге сәйкес әрбір ЖҚҚ орнату кезінде қауіп-қатерлерге талдау жасауға міндетті. Өндіруші немесе оның өкілдері қауіпті жағдайлар кезінде құрылғыны пайдалану барысындағы ықтимал қауіп-қатерлер туралы тапсырыс берушіге немесе әлеуетті пайдаланушыға кеңес беруге міндетті.

7.2.1 Өрт болған және т.б. жағдайда төмен түсіп келе жатқан адамның маңайындағы құлап түсіп жатқан сынықтар құтқару кезінде қауіп тудыруы мүмкін.

7.2.2 Өндіруші адамның шыдамдылығына талдау жүргізеді, температуралық фактордың, түтін және басқа жанған заттардың әсері бағаланады. Өндіруші 7.3-те белгіленген шарттар кезіндегі ЖҚҚ пайдаланатын адамның шыдамдылығын талдау үшін адамның шыдамдылығы туралы ақпаратты құрайтын стандартқа және техникалық негіздерге сай адам шыдамдылығы бойынша талаптарға сүйенуі тиіс.

7.2.3 Ілініп тұрған жағдайда, егер пайдаланушының аяғы қозғалыссыз қалыпта болса, кейбір құтқару құралдарында ілініп тұрған адам жарақаты синдромын тудыруы мүмкін. Өндіруші арнайы нұсқаулықтарды немесе қатерді қолайлы деңгейге дейін төмендететін тиісті құралды ұсынуға тиіс.

7.2.4 Өндіруші немесе оның өкілдері әрбір орнату орнының сенімділігіне талдау жасауы тиіс. Ғимараттың жарылуы, үйіндісі, түсетін жердегі кедергілер және басқа да құтқару ісінің кедергілері сияқты қауіп-қатерлер анықталуы тиіс және орнату орнын және құтқару жолдарын таңдау кезінде мүмкіндігінше оларды болдырмау қажет.

7.2.4.1 Өндірушілер немесе оның өкілдері таңдап алынған құтқару жолы сенімді екенін анықтау үшін, анкерлер мен монтаждалатын құрылғылардың дәл орындарын белгілеу үшін, жүйенің қолжетімділігін анықтау үшін, ғимараттың сыртқы қасбетіне шығуды қамтамасыз ететін арнайы эвакуациялық саңылау орнату қажеттілігін, пайдалану кезінде жүйенің ғимаратқа қажалуынан қорғау үшін қорғаныс орнату қажеттілігін шешеді, орнату орнын тексереді. Жүйенің тұрақты және сенімді қолайлылығы өндіруші немесе оның өкілдері жүргізетін инспекция кезінде белгіленеді. Сенімділігін талдау ЖҚҚ-ны соңғы құтқару құралы ретінде пайдалануға болмайтын себептердің бар-жоқтығын белгілейді және егер олар бар болса, онда оларды жоюды ұсынады. ЖҚҚ-ның ғимаратқа бекітілетін кемінде екі нүктесі болуы тиіс.

7.2.4.2 Қауіп-қатерлерді талдау ЖҚҚ-ның әрбір орнатылған жеріндегі нақты биіктіктегі нақты қатерді қарастыруы тиіс. Есептік жел жылдамдығы, географиялық орналасқан жері, сыртқы әсерлерінің ұзақтығы әрбір нақты орнатылған жердің талдауына қамтылуы тиіс. Бір адамның аэродинамикалық жүктемесінің рұқсат етілетін есептік ауқымы 0,7 $м^2$ құрауы тиіс және аэродинамикалық жүктеме желдің км/сағ. есептік күшіне көбейтілген 7,3 $Н/м^2$ үдету есептеуінен есептелуге тиіс.

7.3 Жүйенің абсолюттік барлық компоненттері от немесе жалын әсерінен туындайтын температураларға төзімді болуы тиіс және 6.3.1 – 6.3.3 талаптарына сай температура кезінде және оның әсерінен кейін қауіпсіз пайдалануға кепілдік беруі тиіс.

7.3.1 Бекітілген ЖҚҚ, арқандарды, рельстерді және бағыттаушыларды бекіту үшін пайдаланылатын бекіту элементтері және бөлшектері ең ұзақ түсу уақытына тең уақыт ішіндегі 200 ^{0}С температурасы кезінде және оның әсерінен кейін максималды есептік салмақты көтере алуы тиіс. Ең ұзақ түсу уақытын өндіруші белгілеуі тиіс. Отқа төзімділігін сынау 15.9.1-15.9.2-ге сәйкес жүргізіледі.

7.3.2 ЖҚҚ-да пайдаланылатын құтқару желілерінің сегменттері түсу жылдамдығына максималды биіктікті есептеуден ең ұзақ түсу уақытының 60 % тең уақыт ішіндегі 300 ^{0}С температурасы кезінде және оның әсерінен кейін

максималды есептік салмақты көтере алуы тиіс. Ең ұзақ түсу уақытын өндіруші белгілеуі тиіс. Отқа төзімділігін сынау 15.9.2-ге сәйкес жүргізіледі.

7.3.3 Орамы тарқатылатын құтқару желілері және металл емес бөліктер құтқару кезінде, 15-тарауға сәйкес өндіруші жүргізген сынауларға сәйкес ЖҚҚ әсер ету орнынан 2,5 м жылжу үшін талап етілетін ең ұзақ уақытқа тең уақыт ішінде 300 ^{0}С төзе алатындай етіп сақталуға тиіс немесе сондай материалдан жасалуға тиіс.

7.4 ЖҚҚ, оның құрауыштары құрт-құмырсқалар, кеміргіштер, құстар және басқалары жұмысына зиян және кедергі келтірмейтіндей етіп немесе жұмысқа тұрақты дайын тұруына әсер етпейтіндей етіп жобалануға тиіс. Сәйкестігі тексеріспен расталады.

7.5 Электр қуатын пайдаланатын ЖҚҚ құрылыстың электр қуатын пайдалана алады және егер ғимарат энергиясы қолжетімсіз болса, тәуелсіз қоректендіру көзімен жабдықталуы тиіс. Сәйкестігі тексеріспен және техникалық құжаттаманың шолуымен расталады.

7.6 Термальдық жобалау пайдалану кезінде бөлшектердің кез келгенінің температурасының жоғарылауы тұтану қаупін тудырмайтынына және жүйені пайдалануға кедергі жасамайтынына кепілдік беруі тиіс.

7.6.1 Адамға жанасатын ЖҚҚ компоненттері пайдалану кезінде 48 ^{0}С астам қызбауы тиіс. Кез келген үстіңгі бетінің максималды температурасы 65 ^{0}С аспауға тиіс. Тестілеу 14.3-ке сәйкес жүргізіледі. Төмен түсу энергиясына, қызуына және тозуға төзімділігіне сынау.

7.7 Құрылғылар қауіпсіздік қатерінсіз 3.9 бойынша максималды есептік биіктікке сәйкес әрекет етуі тиіс. Өндіруші максималды биіктіктікті айқындауы тиіс және 7.7.1-ге сай тестілеу жүргізуі тиіс. Осыдан кейін құрылғы белгіленген максимумнан төмен кез келген биіктікте пайдаланыла алады. Максималды биіктік әрбір құрылғыда айқын көрсетілуге тиіс. Тестілер 15.3 бойынша жүргізіледі. Төмен түсу энергиясына, қызуына және тозуға төзімділігіне сынау.

7.7.1 Тестілеу (135 ± 1) кг есептік салмақпен жүргізіледі. Энергия 2.9-ға сәйкес (1) формула бойынша есептеледі. Сәйкестігі 15.3 бойынша сынаумен расталады.

8 Механикалық қасиеттері

8.1 ЖҚҚ гидравликалық, пневматикалық, электромагниттік, аэродинамикалық, фрикциялық және төмен түсуді бақылауға арналған басқа да механизмдер түрлері мен механизмдер комбинациясын пайдалана алады. ЖҚҚ өндірушісі механизмдерді осы стандартқа сәйкес таңдауы тиіс. Осы механизмдерді ЖҚҚ өндірушісінің өзі, сонымен бірге басқа жабдықтаушылар жобалай және өндіре алады. Сәйкестігі тексеріспен және

өндірушінің құжаттарын шолумен және 15-тарауға сәйкес кезекті сынаумен расталады.

8.2 Барлық тасымалдаушы құрауыштардың (арқандар, анкерлер, бекітпелер, құтқару құралдары, жалғау орындарын қоса алғанда) адамның еркін түсуін және 0,6 м биіктіктен 135 кг салмақтағы жүкті ұстай алатындай қажетті динамикалық беріктігі болуға тиіс. Сәйкестігі 15.2 бойынша тестпен расталады.

8.3 ЖҚҚ барлық тасымалдаушы құрауыштары максималды есептік салмаққа қатысты үш есе беріктік қоры болуға тиіс.

8.4 Бекітілген рельстер, бағыттаушылардың барлық тасымалдаушы құрауыштары, сонымен қатар бекітілген рельстер, бағыттаушылардың өзі (2) формула бойынша есептелетін рельстер мен бағыттаушылардың бір секциясына бір уақытта орналасатын ЖҚҚ санына көбейтілген бір ЖҚҚ жүктемесін көтере алуға тиіс:

$$P = L/L_c, \qquad (2)$$

мұндағы P – бір уақытта секциялардың біреуіне орналасатын ЖҚҚ санына тең шама;

L – рельс пен бағыттаушы секциясының ұзындығы;

L_c – осы рельс пен бағыттаушыда пайдаланылатын ЖҚҚ ұзындығы.

8.5 ЖҚҚ-мен бірге пайдаланылатын құтқару желілері 6.10 - 6.10.2 талаптарына сәйкес болуға тиіс. Өндіруші барлық құтқару желілерін аяқталған ұштармен жабдықтауы тиіс. Әрбір құтқару желісі жүйенің есептік биіктігіне қарағанда 5 % ұзынырақ болуы тиіс, толық орамы тарқатылған барабанмен жалғасатын орын 400 кг статикалық жүктемені көтере алуы тиіс. Сәйкестігі тексерумен және 15-тарауға сай сынаулармен расталады.

8.6 Құтқару құралдарының нақты құрылғы түріне ең қолайлысы, ең қарапайымы және пайдалануы жеңілі таңдалады.

8.6.1 Жеке құтқару құралын пайдаланылатын жүйелер үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкестігіне сәйкестігін растау процедураларынан өткен құралдарды пайдалану қажет.

8.6.2 Арнайы адамдар тобына, сонымен қатар физикалық мүмкіндіктері шектеулі, физикалық әлсіз адамдар, жаралылар, балаларды қоса алғанда, жобаланған құралдар мен строптарды өндіруші таңдауы тиіс және қажеттілігіне қарай тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс. Мұндай құралдың қолайлылығын және беріктігін тексеру ісін өндіруші талдау және сертификат тексеру арқылы немесе аккредиттелген орган берген жабдықтаушы тарапынан сынау хаттамаларын тексеру арқылы жүргізеді.

8.6.3 Ажырамайтын құтқару құралы қолдануға қарапайым болуы және пайдаланушының жамбасы мен денесін ұстап тұруы тиіс. Құрал жүйеге аспапты пайдаланбай ажыратылмайтындай етіп жалғануы тиіс. Барлық

компоненттерінің минималды беріктігі 4 кН сәйкес болуы тиіс. Сәйкестігі 15.1, 15.2 бойынша ЖҚҚ сынауымен расталады.

8.7 ЖҚҚ жалғамалары – D-балдақтар, карабиндер және құралды құтқару желісіне жалғауға арналған басқа жалғамалар және құтқару құралына, құтқару желілеріне немесе арқанға тікелей жалғау үшін пайдаланылатын кез келген арнайы бөлшектер 8.2, 8.3, 8.4 бойынша статикалық және динамикалық беріктігі бойынша талаптарға сәйкес болуы тиіс. Сынау 15.1, 15.2 бойынша жүргізіледі.

8.8 Анкерлік бекітпелер және монтаждық тораптар өндірушінің нұсқаулықтарына сай тексерілген әдістермен белгіленуі тиіс. Анкерлер, монтаждық тораптар және жалғанбалы элементтер не ҚР СТ ИСО/МЭК 17025-ке сәйкестігі аккредиттелген зертханада сыналуы тиіс, не сәйкестік сертификаты болуы тиіс. Барлық анкерлер мен монтаждық тораптардың 8.2, 8.3, 8.4 бойынша статикалық және динамикалық беріктігі болуы тиіс. Сынау 15.1, 15.2 бойынша жүргізіледі.

8.8.1 Орнатушы анкерлердің немесе монтаждық тораптардың құрылысына және өндірушінің нұсқаулығына сәйкес орнатуды орындау үшін, төсеніш, аражабын, болат арқалықтар сияқты құрылыс элементтерін анықтау үшін, ғимарат сызбасы бойынша және басқа да қолжетімді ақпарат көздерінен ғимарат құрылысын жан-жақты зерттеуі тиіс. Орнатушыны өндіруші оқытуы тиіс және өкілеттік беруі тиіс.

8.8.2 Бетон, темірбетон немесе металл сияқты өте қатты үстіңгі қабатты монтаждау кезінде бекіту нүктесіндегі жүктеме (3) формула бойынша айқындалады:

$$Fv+Sd\cdot MRL, \qquad (3)$$

мұндағы Fv – құрылымға белгіленген күш;

MRL – максималды төмен түсу жүктемесі;

Sd – 3-ке немесе нақты динамикалық жүктеме күшіне тең.

8.8.3 Көптеген бір мезгілде төмен түсуді қуаттауға арналған анкерлерді пайдаланатын ЖҚҚ төмендегі статикалық беріктік талаптарына сәйкес болуы тиіс: кН өрнектелген S анкерінің статикалық беріктігі, (4) формуламен айқындалады:

$$S = (6,67+1,33\ n), \qquad (4)$$

мұндағы S – анкердің статикалық беріктігі;

n – анкер көтере алуы тиіс, төмен түсетін адамдардың максималды санына тең мән.

Есептеу бір адамға статикалық беріктік плюс бір анкерге келетін максималды есептеу салмағы кезіндегі басқа барлық төмен түсетін ЖҚҚ пайдаланушыларының жүктемесінің талаптарына негізделеді.

8.9 Барлық жүйеге арналған максималды есептеу салмағы 135 кг құрайды.

8.10 Төмен түсу жылдамдығы асқын жүктеме кезінде қауіпсіз болуы, бірақ 8.1, 8.2-де белгіленген жылдамдық шегінде болуы тиіс. Барлық жүйеге арналған асқын жүктеме 165 кг құрайды.

8.11 Барлық жүйеге арналған минималды есептеу салмағы 20 кг құрайды.

8.12 Максималды есептеу биіктігі ЖҚҚ-да белгіленгенге сәйкес болуы тиіс. Түсу жылдамдығына сынау 15.4 бойынша жүргізіледі. Өндіруші ЖҚҚ-ға максималды биіктігін нақты көрсетуге міндетті.

8.13 Барлық компоненттер және ғимарат сыртына монтаждалатын ЖҚҚ бөліктері 151 км/сағ және 1100 Н/м² тиісті күшінің есептеуінен аэродинамикалық жүктемені ескере отырып жобалануы тиіс. Сәйкестігі өндіруші жүргізетін талдаумен расталады.

9 Пайдалану талаптары

9.1 Максималды есептік салмағы бар барлық жүйелер үшін максималды түсу жылдамдығы 2,0 м/с аспауы тиіс. Жүктемесі бар түсу жылдамдығы 2,2 м/с аспауы тиіс. Сәйкестігі 15.4 бойынша сынаумен расталады.

9.2 Барлық ЖҚҚ арналған минималды түсу жылдамдығы кемінде 0,5 м/с болуы тиіс.

9.3 ЖҚҚ жобалау кезінде құтқару желісінің айналу ықтималдығы болмауы тиіс. Сәйкестігі сынаумен расталады.

9.4 ЖҚҚ еркін құлау ықтималдығын болдырмауы тиіс.

9.5 Жүйе (80 ± 2) °С температурасының әсерінен кейін кемінде 8 сағат ішінде жұмысқа жарамды болуы тиіс. Сәйкестігін сынау 15.4 бойынша кезекті тексеруі бар 13.1 бойынша қолайлы жағдай жасау арқылы жүргізіледі.

9.6 Барлық жүйелер жауында, қар аралас жауында, бұршақта, қар жауғанда және мұз қатуы кезінде пайдалануға жарамды болуы тиіс. Мұндай жағдайларда жүйені сынау 15.4 бойынша кезекті сынау арқылы, 13.2, 13.3, 13.4 бойынша жүргізілуі тиіс.

9.7 ЖҚҚ құрылыстық ерекшеліктері кез келген сәулеттік күрделі ғимараттан тиімді құтқару мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

10 Өндіру сапасы, өңдеу және сыртқы түрі

ЖҚҚ жүйелері осы стандартқа сай өндірілуі тиіс. Өндіру сапасы, өңдеу және сыртқы түрі осы стандартқа, өндіруші жобасына және өндірістің құжатталған талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сәйкестігі тексеріспен және өндіруші құжаттамасының талдауымен расталады.

11 Сынау үлгілері

Сынауға арналған үлгілер саны кемінде 2 ЖҚҚ үлгісі және 2 құтқару үлгісі немесе арқан болуы тиіс. Үлгілерді өндіруші немесе оның сыналатын ұйымының өкілдері тексеру және тестілер жүргізу үшін ұсынады.

Үлгілерді іріктеу тәртібі «Сәйкестігін растау процедурасы» ТН берілген.

12 Сынаулар

12.1 Әрбір жүйе осы стандарт талаптарына сәйкестігіне тексерілуі тиіс. Өндіруші сызбалары сонымен қатар жүйе құрылысының стандарт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін пайдаланылуы тиіс.

12.1.1 Сынаулар 15-тараудың талаптарын сақтауы тиіс. Сынау мақсаты – жүйенің механикалық, физикалық және операциялық параметрлерін жалпы бағалау, сонымен қатар даярланбаған адамның ЖҚҚ-ны пайдалану тиімділігі.

12.1.2 ЖҚҚ-ны сертификаттау ісін ҚР СТ ИСО/МЭК 65 бойынша белгіленген тәртіппен аккредиттелген сәйкестігін растау бойынша орган жүргізеді. ЖҚҚ-ны сертификаттау ісі осы стандартқа сай барлық көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. ЖҚҚ-ның осы стандартқа сәйкестігі сынаулармен расталуы тиіс. Осы стандартқа талап етілетін спецификалық параметрлер, егер ол мүмкін болса, ұқсас құралдарға арналған іс жүзіндегі стандарттармен белгіленген сынау әдістерімен және процедураларымен расталуы тиіс.

12.2 Үлгілерді сертификаттау үшін ЖҚҚ-ның кемінде 2 үлгісі таңдалуы және сыналуы тиіс. Әрбір үлгі сериялық ЖҚҚ-да пайдаланылатын, соған ұқсас жаңа материалдардан жиналуы тиіс. Үлгілер 15.1–15.7-ге сай қоршаған ортаның барлық әсер ету режимдерінен өтуі тиіс.

12.3 ЖҚҚ-дағы немесе оның компонентіндегі стандарт талаптарына бір сәйкессіздік, одан бас тарту себебі болып табылады.

12.4 Өндірісті сертификаттау ісін, сертификаттау бағдарламасына сай, өндіруші жүргізеді. Пайдалану қауіпсіздігіне әсер ететін барлық факторларды бағалау үшін өндірістің 100 %-ға тексерілуі тиіс. Өндірушілер өздерінің қарап шешуіне қарай, ЖҚҚ тұрақты сапасы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін үлгілерді, түрлі компоненттерді түрлі параметрлер

бойынша сынай алады. Өндірістік бақылау деректері өндірушіде құжатталуы және сақталуы тиіс.

12.5 Сынау үлгілерін даярлау құжатталған талаптарға және өндіруші процедураларына сай жүргізіледі.

12.6 Барлық жүйелер жүйенің қолжетімділігін және құтқару жолдарының тазалығын айқындау үшін орнатқан соң тексерілуі тиіс. Барлық анкерлер және монтаждық тораптар ықтимал максималды жүктемеге сәйкестігі міндетіне бағалануы тиіс.

12.7 Зақымданған немесе пайдаланылған барлық ЖҚҚ-ны, егер қажет болса, өндіруші немесе оның өкілдері тексеруі және бастапқы түріне келтіруі тиіс. Төмен түсуді бақылау механизмі немесе оның компоненттерінің бірі қалпына келтірілген немесе жөнделген ЖҚҚ 12.4 талаптарына сай сыналуы тиіс. Әрбір жөнделген, қалпына келтірілген, қайта сыналған ЖҚҚ-ны өндіруші немесе оның өкілдері айқын таңбалануы тиіс.

13 Сертификатталған үлгілерді қоршаған ортаның әсеріне сынау

13.1 Сынауға арналған үлгілер 13.2 – 13.7-ге сай сынау алдында барлық қоршаған орта режимінде төзімді болуы тиіс.

13.2 ЖҚҚ және құтқару желілері немесе рельстердің, бағыттаушылардың сынау секциялары (80 ± 2) °С температуралық режимінде кемінде 8 сағат ұсталуы тиіс.

13.3 Ылғалдық режимі

13.3.1 ЖҚҚ, құтқару желісі және рельстер, бағыттаушылардың сынау секциясы, сонымен қатар, ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ жүйесінің барлық компоненттері (20 ± 2) °С температурадағы суға ең азы 8 сағатқа батырылуы тиіс.

13.4 Суықтық режимі

13.4.1 Рельстер, бағыттаушылардың сынау секциясын қоса алғанда, ЖҚҚ, құтқару желісі және ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ жүйесінің барлық компоненттері (40 ± 2) °С температуралық режимінде кемінде 8 сағатқа ұсталуы тиіс.

13.4.2 ЖҚҚ, құтқару желісі және ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ жүйесінің барлық компоненттері минус (30 ± 2) °С температуралық режимінде кемінде 4 сағатқа ұсталуы тиіс.

13.5 Ылғалдық және суықтық режимі

Рельстер, бағыттаушылардың сынау секциясын қоса алғанда, ЖҚҚ, құтқару желісі және ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ жүйесінің барлық компоненттері 12.3-ке сай ылғалдық режимінде тексерілуі тиіс. Ылғалдық режимінен кейін 15 минуттан көп емес уақыт ішінде тестілік үлгілерден артық судың ағып кетуі үшін уақыт бөлу

қажет. Сосын үлгілер минус (40 ± 2) ºС температуралық режимінде ең азы 8 сағат ұсталуы тиіс.

13.6 Тұзды ерітіндіні бүрку

ЖҚҚ 12.6.1 немесе 12.6.2-ге сай тұзды ерітіндімен өңделуі тиіс.

13.6.1 Рельстер, бағыттаушылардың сынау секциясын қоса алғанда, ЖҚҚ, құтқару желісі және ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ-да тұзды ерітіндімен өңдеген соң жүйені қауіпсіз қолдануға әсер ететін коррозия белгілері болмауы тиіс. Тұзды ерітіндімен өңдеу 6 апта ішінде жүргізіледі. Талаптарға сәйкестігі тексеріспен расталады.

13.6.2 Ғимарат сыртына орнатуға немесе сақтау үшін жобаланған ЖҚҚ өңделген компоненттерінде тұзды ерітіндімен өңдеген соң жүйені қауіпсіз қолдануға әсер ететін коррозия белгілері болмауы тиіс (әсер ету 24 сағ. ішінде, 1 сағ. кептіруге, қайта әсер ету 24 сағ.). Талаптарға сәйкестігі тексеріспен расталады.

13.7 Су және ультракүлгін сәуленің әсері

Ғимарат сыртына орнатылатын ЖҚҚ үлгілеріне ультракүлгін әсері болады. Сынау металл емес материалдардың реакциясын тексеру үшін су әсерімен бірге және жеке жүргізіледі. Әрбір 20 минут сайын тестілік үлгі 17 мин бұрыштық доғадан ультракүлгін әсеріне, сонымен қатар 3 мин су ерітіндісімен ультракүлгін әсеріне қойылуы тиіс. Режим 1000 сағат ішінде ұсталуы тиіс. Талаптарға сәйкестігі тексеріспен расталады.

14 Өлшеуіш құралдар

14.1 Өлшеуіш құралдар мен құрал-саймандар қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша калибрленуі тиіс. Жылжымайтын тестілік мүлікті қоса алғанда, осы стандартта сөз болған сынау әдістері сынау жүргізу үшін пайдаланылуы тиіс. Сонымен қатар жылжымайтын мүлікті модификациялау немесе ұқсас құралдарды пайдалану рұқсат етіледі.

14.2 Жүктемеге арналған таразылардың массасы (20 ± 1) кг, (90 ± 1) кг, (135 ± 1) кг, (165 ± 1) кг болуы тиіс және болаттан немесе басқа берік материалдан жасалуы тиіс. Таразылар құтқару желілерінің ұштарына ілінуі тиіс немесе құтқару құралына орналастырылуы тиіс.

14.3 Тез ажыратқыш механизм тестілік таразыны жылжытпай ажыратуға мүмкіндік береді. Тез ажыратқыш механизм тестілік операциялар үшін жарамды болуы тиіс.

14.4 Өлшеу барысындағы қателіктер 2 % аспауы тиіс.

14.5 Қолданылатын өлшем құралдары ҚР СТ 2.21-ге сәйкес типін бекіту немесе ҚР СТ 2.30-ға сәйкес метрологиялық аттестаттау, ҚР СТ 2.4-ке сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеру және Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізіміне енгізу

мақсатында сынауға жатқызылады, сынау құралдары ҚР СТ 2.75-ке сәйкес аттестаттауға жатады.

15 Сынау әдістері

15.1 Құтқару арқандары қоса жасалған ЖҚҚ үлгілері берік үстіңгі қабатта бекітілуі тиіс. Құтқару арқаны жылжымауы тиіс және ЖҚҚ-да орнында қалуы тиіс. Рельстер немесе бағыттаушылар бойынша төмен түсірілетін ЖҚҚ түсіп кетуін болдырмау үшін тестілік рельс немесе бағыттаушының бекітілген секциясында блокадалануы тиіс. Сынау жүргізу үшін статикалық беріктік әдістемесін пайдаланған жөн.

15.1.1 Статикалық жүк 8.3 және 8.4-ке сай толық жиналған ЖҚҚ-да (анкерден бастап керек-жабдыққа дейін) орнатылады. Статикалық жүк әрбір жүйеде қарастырылған орынға бекітіледі.

15.1.2 Жүк 10 минутқа ілінеді. Тексеріс кезінде, жүйенің барлық бөліктері толығымен тұтас бүтін болуы тиіс.

15.2 Түсу жылдамдығын сынау, жүргізілген сынаудан кейін тиісті дәрежеде жұмыс істейтінін тексеру үшін 15.4-ке сай жүргізіледі. Динамикалық беріктігін және тежелуін сынау ЖҚҚ-ны немесе оның компоненттерінің бірін, арқанды, құтқару арқанын, рельстер мен бағыттаушыларды қоса алғанда, зақымдамауы тиіс және ол тексеріспен расталуы тиіс.

15.3 Түсу қуатын, қызуын және тозуға төзімділігін сынау әзірленген әдістемелерге сай жүргізіледі. ЖҚҚ ішіндегі құтқару арқанының қозғалыс бағыты өндіруші көрсеткен бағытқа сәйкес болуы тиіс.

15.3.1 Түсу қуатын сынау тиісті максималды биіктіктен және максималды есептік салмақпен жүргізіледі. Сынау кезінде ЖҚҚ 3.9-ға сай белгіленген түсу қуатын ұстауы тиіс; қажалудан туындайтын температура түсу құрылғысының жұмысына әсер етпеуі тиіс; 0,5 м/с және 2,0 м/с аралығындағы тұрақты түсу жылдамдығы сақталуы тиіс; адамға жанасатын ЖҚҚ компоненттері пайдалану кезінде 48 °С астам қызбауы тиіс. Сыналатын, сертификатталатын төмен түсулердің саны кемінде 1 болуы тиіс.

15.3.2 Қызуын сынау, температурасын өлшеу ЖҚҚ жұмыс істеу процесінде және ЖҚҚ жұмысы аяқталысымен дереу жүргізіледі. Температуралық режимдер 7.6.1-ге сәйкес болуы тиіс.

15.3.3 Түсу қуатын сынау, қажетті түсу қуатын құру үшін жұмыс циклдарының санын тиісті ұлғайту жағдайында, анағұрлым төмен биіктіктен жүргізіледі. Сынау ісі сынау зертханасында және тиісті техникалық талаптармен әзірленген механикалық симуляторда, жылжымайтын мүлікте немесе құрылғыда жүргізіле алады.

15.4 Түсу жылдамдығын сынау, тиісті әдістемелер бойынша өлшенеді. Сынауды тестілік мұнарада, орындықта немесе жылжымайтын мүлікте өткізуге болады.

15.4.1 Сынау құралдарын, сынау зертханасы, анықтамаларға және техникалық талаптарға сай жобалауы тиіс.

15.4.2 Түсу жылдамдығы 0,5 м/с кем емес және 2,0 м/с көп емес болуы тиіс. ЖҚҚ кез келген жүйесінің түсу жылдамдығы жүктемемен тестілеу кезінде 2,2 м/с аспауы тиіс. Өлшемдер автоматты бақылау және түсуді тұрақтандыру кезінде жүргізіледі.

15.5 Сырғанауға беріктігін сынау арқанмен жүргізетін шкивты пайдаланатын жүйелерге ғана қолданылады, сынау тиісті әдістемелерге сай жүргізіледі. Шкив толық тоқтап тұруы тиіс. Есептік салмақтан 3 есе көп, бірақ 4 кН көп емес жүктеме құтқару арқанының ұшына және 50 Н екінші ұшына жалғануы тиіс. Жүк 3 минутқа ілінуі тиіс. Шкив арқылы ешқандай сырғанау болмауы тиіс.

15.6 Ылғалдығын сынау, барлық ЖҚҚ, компоненттері және құтқару желілері 13.3-ке сай ылғалдылыққа сыналады. ЖҚҚ ылғалдылыққа сынау жүргізілгеннен кейін 5 минуттан кейін 15.4-ке сай сыналады.

15.7 Айрықша температураларға сынау – құрылғылар мен сынау үлгілері тиісті әдістемелерге сай тексеріледі. ЖҚҚ 13.2 және 13.4 бойынша сынаудан кейін 5 минуттан кейін 15.4-ке сай сыналады. Пайдаланылатын температуралар 13.2 және 13.4-те көрсетілген.

15.8 Ылғалдылыққа және суыққа сынау – ғимарат сыртына орнатылатын барлық компоненттер, тиісті әдістемелер бойынша 13.5-ке сай тексеріледі. ЖҚҚ 13.5 бойынша тексерілгеннен соң 5 минуттан кейін 15.4-ке сай сыналады.

15.9 От әсеріне сынау тиісті әдістемелерге сай жүргізіледі. Сынау үлгісі, қойылуы тиіс қажетті температураға жеткізу үшін, қойылған қыздыру көзіне дейінгі қашықтық, сынау зертханасы жүргізген өлшеулермен жүргізіледі.

15.9.1 Орнықтырылған ЖҚҚ, анкерлер, арқандар, рельстер мен бағыттаушыларды от әсеріне сынау – бір ЖҚҚ сынау үлгісі, арқанды қоса алғанда, құтқару арқаны, анкер, сыналатын рельс немесе металл бөлшектерді есепке алмағанда бағыттаушы секциясы ең ұзақ төмен түсуге тең уақыт ішінде 300 ^{0}С температурада ұсталады. Сынау 7.3.1 бойынша сәйкестігін тексеру үшін тиісті әдістемелерге сай жүргізіледі. ЖҚҚ сыналуы аяқталған соң, сыналатын рельс немесе бағыттаушы секциясы 1 рет 15.4 бойынша (түсу жылдамдығы) (135 ± 1) кг сыналатын салмақпен және ± 20 кг жүкпен кезекті бір жолғы төмен түсумен сыналады.

15.9.2 Орнықтырылған құтқару желісі, рельс, бағыттаушыны от әсеріне сынау – орнықтырылған құтқару желілерін пайдаланатын ЖҚҚ-дан минималды ұзындығы 1 метр бір рельс немесе бағыттаушы сегменті 7.3.2-ге сәйкестігін тексеру үшін тиісті әдістемелерге сай ең ұзақ төмен түсу

уақытының 60%-ға тең уақыт ішінде 300 ^{0}С температурада ұсталады. Тестілік үлгі сегменті қалған құтқару желісінен бөлінбеуі тиіс. Сегмент әлі ыстық күйінде тұрғанда, от әсерінен кейін жүйенің жұмысы өндіруші белгілеген ең максималды жүкпен тексеріледі.

15.9.3 Металл емес компоненттері мен бөліктерін сынау 7.3.3-ке сәйкестігін тексеру үшін, тиісті әдістемелерге сай жүргізіледі.

15.10 Артық жүктемеге сынау – ЖҚҚ құрылысы 7.11-ге және тиісті әдістемелерге сай сыналады.

15.11 Құтқару арқандарының ұштарын сынау, ұштары тиісті әдістемелерге сай тексеріледі. Арқан ұштары 4 кН жүктеме қолданылған кезде, үш минут ішінде барабаннан немесе құрылғы катушкасынан шығып кетпеуі тиіс. Сынау түсу қуаты сынау аяқталған соң 1 рет жүргізіледі.

15.12 Құтқару арқандары бойынша жеке құтқару құрылғылары 15.3.2-ге сай есептік биіктіктен бір рет төмен түсіру процесінде қандай да бір түйінсіз, қажалусыз немесе ақаусыз бір қалыпты жұмыс істеуі тиіс.

15.13 Құтқару арқанының статикалық қалдық беріктігін сынау тиісті әдістемелерге және 15.1-ге сай жүргізіледі. Барлық қалған сынаулар аяқталған соң құтқару арқаны өндіруші белгілеген өзінің максималды беріктігінің 90 % сақтап қалуы тиіс.

Құтқару арқандары бар жеке құтқару құрылғылары 15.1 бойынша есептік биіктіктен бір рет сынаған соң бұзылуына сыналады.

16 Сапасын бақылау

16.1 ЖҚҚ қорытынды сынау және тексеру ісін қоса алғанда, өндіріс процесінде жүргізілетін барлық тексерістер мен сынаулар өндіруші құжаттаған процедураларға сай жүргізілуі тиіс. Құрылғылардың орнатылған орындарын қарау кезінде анкерлердің және монтаждық тораптардың орналасқан жерлерін, көшіру жолдарын айқындау және құжаттау қажет.

17 Сәйкестігін растау

ЖҚҚ осы стандарттың талаптарына сәйкес пайдаланушылар үшін сенімді болуы тиіс және сенімділік пен тиімділіктің жоғары деңгейімен қамтамасыз етуі тиіс. Осы стандарт бойынша сәйкестігін растау үшін 15-тарауда берілген барлық сынауларды жүргізу қажет. Сертификаттау ісін, белгіленген тәртіппен аккредиттелген сәйкестігін растау бойынша орган жүргізеді.

18 Таңбалау

Өнім төмендегілерді көрсете отырып таңбалануы тиіс:

а) өндірушінің немесе жабдықтаушының атауы;
б) үлгінің атауы және нөмірі;
в) құрылғының дербес нөмірі;
г) осы құрылғы үшін максималды рұқсат етілетін биіктік;
д) осы құрылғы үшін максималды рұқсат етілетін салмақ;
е) құрылғы өндірілген ел және ұйым атауы.

19 Нұсқаулықтар

19.1 Қысқаша нұсқаулықтар – пайдалану бойынша қысқаша нұсқаулықтар сызбалық және мәтіндік ақпарат түрінде тікелей құрылғыға жазылуы тиіс. Нұсқаулық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс.

19.2 Толық нұсқаулық – пайдалану бойынша толық нұсқаулық, әрбір құрылғыға қоса берілуі тиіс. Нұсқаулық мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс.

Толық нұсқаулық төмендегі ақпаратты қамтуы тиіс:
а) қолданылуы бойынша нұсқаулық;
б) пайдалану бойынша кез келген шектеулер;
в) сервис және тұтыну бойынша түсініктер;
г) техникалық қызмет жасау және мазмұны;
д) сақтау;
е) техникалық байқау туралы жазба;
ж) заңды ақпарат.

ӘОЖ 69.055.4:614.89:69.032.22:692.23:006.354(574) **МСЖ** 13.200

Түйінді сөздер: жеке құтқару құрылғылары, қауіпті биіктік деңгейі, сынақтар, бекіту бөлшектері, жалғайтын элементтер, төмен түсу рельстері, физикалық ерекшеліктері, механикалық ерекшеліктері

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИНДИВИДУАЛЬНЫЕ СПАСАТЕЛЬНЫЕ УСТРОЙСТВА, ПРЕДНАЗНАЧЕННЫЕ ДЛЯ СПАСЕНИЯ НЕПОДГОТОВЛЕННЫХ ЛЮДЕЙ С ВЫСОТЫ ПО ВНЕШНЕМУ ФАСАДУ ЗДАНИЯ

Общие технические требования
Методы испытаний

СТ РК 1910-2009

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Республиканским государственным предприятием «Казахстанский институт стандартизации и сертификации», ТК 18 по стандартизации «Организационно-методические и общетехнические стандарты, стандарты на продукцию, процессы и услуги» (Товарищество с ограниченной ответственностью «Евразийский консалтинговый консорциум»)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 25 ноября 2009 года № 584-од

3 Настоящий стандарт гармонизирован с ЕН 341-92 Индивидуальное защитное снаряжение от падений с высоты. Приспособления для спуска, ASTM E 2484-06 Specification for High-Rise Building External Evacuation Controlled Descent Devices (Устройства контролируемого спуска для внешней эвакуации с высотных зданий).

